


**А** **ИҚЫН**

# Қуаныш ағаның қос кітабы



**Астанадағы «Фолиант» баспасынан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан облысының және Арыс, Бәйдібек, Қазығұрт, Отырар, Сайрам, Созақ, Шардара аудандары мен Түркістан қаласының Күрметті азаматы Қуаныш Айтахановтың «Қызмет еттім халқыма» және «Өмір белестері» атты қос кітабы жарық көрді.**

Қуаныш Айтахановты жұртқа таныстырып жатудың өзі артық. Халыққа кеңінен танылған жан. Тәуелсіздік туралы заң қабылдаған Жоғарғы кеңестің, кейіннен Парламент қабырғасында, оның ішінде Парламент Сенатына халықтың қалауымен қатарынан екі рет депутат болып сайланған. Қашанда белсенді, сергек қалпынан бір танған емес. Мемлекеттік дәрежедегі мәртебелі мінбелерден елдің сөзін сөйлеп, жоғын жоқтаумен айрықша көзге түскен санаулы сандақ депутаттардың бірі болды. Мұндай саналы ғұмырын халық үшін қызмет етуге арнап, мазмұнды да мағыналы өмір белестерін артқа тастаған абзал жанның еліне, халқына ғибратты өмірінен айтар әңгімесі аз емес екені анық.

Қуаныш Айтахановтың бұдан бұрын «Ел мерейі жолында» (2010 ж.), «Сөз сұраймын» (2011 ж.), «Елге қызмет – ең басты міндет» (2015 ж.) атты кітаптары жарық көрген болатын. Оларда 2005-2017 жылдары Парламент Сенатына депутат болған автордың қоғамның сан алуан саласына қатысты ойлары, мақалалары, әртүрлі жиындарда сөйлеген сөздері, мемлекеттік органдарға жолдаған депутаттық сауалдары топтастырылған. Мына қос жинақ автордың алдыңғы кітаптарда айтылатын ой-толғамдарының жалғасы іспетті. Алдымен бірінші кітабынан бастасақ, ауыл шаруашылығы саласының білгір маманы

ретінде қоғамның көкейкесті мәселелерін шешудің үнемі бел ортасында жүретін автор бұл кітабында да республиканы, оның ішінде ауыл халқын өсіп-өркендетудің сан алуан жолдарын тілге тиек етеді. Кітап төрт бөлімнен – мақалалардан, сұхбаттардан, Парламент қабырғасында, түрлі алқалы жиындарда автордың сөйлеген сөздерінен, өмірдің небір мәселелерін қамтитын Үкіметке жолдаған сауалдарынан тұрады. Олар тиісінше, мақалалар, сұхбаттар, «Сөз сұраймын», «Сауал қойылды, жауабы қандай?» деген тараушаларға бөлініп берілген.

Кітаппен танысу барысында автордың ел өмірінің толғақты мәселелері төңірегінде тартымды да тағылымды әңгімелер қозғап, бір кездері өзі бірнеше ауданға басшылық жасаған өңір халқымен депутат ретінде жүздесіп, олардың проблемаларына сергек қарап, қоян-қолтық еңбек еткені айқын аңғарылады.

Жалпы, қай жерде қызмет істемесін, қай нәрсені қолға алмасын одан бір оң нәтиже шығаруға ұмтылу Қ.Айтахановтың қанына сіңген қасиет пе дерсің. Аудан, облыс, республика көлеміндегі қоғамдық, басшылық қызметтерге жігіт шағынан араласа бастаған Қ.Айтаханов өзін Кеңес өкіметі тұсында ауыл шаруашылығын басқарудың мықты ұйымдастырушысы, белсенді ұстанымдағы азамат ретінде көрсетіп, Оңтүстік Қазақстан облысының бірнеше ауданына басшылық жасап, үнемі абырой биігінен көрінген болса, еліміздің тәуелсіздік жылдарында оның бойындағы ұйымдастырушылық қабілет-дарыны кемелдене түсіп, бұрынғыдан да шабыттанып, бұрынғыдан да зор қайрат-қарыммен жұмыс істеп келеді. Бұл орайда, әсіресе, еліміздің ең жоғары заң шығару органы – Парламенттегі сенаторлық қызметінің жемісті болғанын атап өткеніміз жөн.

«Өмір белестері» атты ғұмырнамалық сұхбат сипатындағы кітабында Қуаныш Айтаханұлы өзінің өмір жолына ой көзімен қарап, Кеңес өкіметінің тұсында және тәуелсіздік жылдарында қызмет бабында өзі белсене қатысқан оқиғаларды әңгіме арқауы ете отырып, көрген-білгендері мен көңілге түйгендерін оқырманмен бөліседі. Кітаппен танысу барысында Қ.Айтаханов бойындағы қоғам ісіне деген сергек, жанашырлық мінездің оның балалық шағындағы алғырлығынан бастау алғанын байқадық. Алты жасында мектеп табалдырығын аттаған бала Қуаныштың онда-ған жылдар өткенде дана Қуанышқа айналуы арасындағы кезеңде ол үнемі қоғамның алдыңғы легінде жүріпті. Кітаптан оның мектепте үздік оқығанымен, мал дәрігерлік техникумды, Мәскеудің Мал - дәрігерлік академиясын үздік бітіргенімен, мектеп қабырғасында жүрген кезінен қоғамдық жұмыстарға белсене араласуымен, ақырында ел басқару өнерін қапысыз меңгеріп, мүлтіксіз атқаруымен танысқаннан кейін-ақ Қ.Айтахановтың басқаша мінезде болуы, яғни, адамдардың көпшілігіне тән қоғам дақпыртына ілесе шауып жүре беретіндердің қатарынан емес екеніне көз жеткізе түсесің.

Қ.Айтахановтың сөзі мен ісінің үнемі сәйкестікте жүретініне, елдің рухани өміріне байланысты жоғарыда айтқан пікірін өзі атқарған қызметінде үнемі назарда ұстайтынына аталған кітаптан көптеген мысалдар келтірілген.

Жаңа туындыда Қ.Айтахановтың Мәскеуде оқыған жылдары, ауылдағы алғашқы асулары, Шардарадағы шыңдалуы, Қазығұртқа қайта оралуы, тарихи кезеңдер тұсындағы толғаныстары, Парламенттегі жылдары, мұнан басқа да толағай тірліктері молынан қамтылған. Оның жүрген жерінде үнемі ел игілігі жолындағы еңбектің ұйытқысы болатыны, халықтың қамын ойлайтын мінезі баспасөзде жариялайтын өткір мақалаларынан, заң жобаларын қабылдау барысында халық шаруашылығын дамытуға, қазақ тіліне, өнер мен мәдениетке, қаржы мәселесіне, республиканы өркендетуге бағытталатын тағы басқа да проблемаларға байланысты сөйлейтін сөздері мен құзырлы органдарға жолдайтын сауалдарынан белгілі. Осының бәрі қос кітапта қызықты әңгімеленіп, мағыналы өмірдің мазмұнды шежіресін құрайды.

**Төреғали ТӘШЕНОВ**